

Төтенше жағдайларда сақтандырудың және іс-әрекет жасаудың республикалық жүйесін көлік құралдарымен қамтамасыз ету және оның құштері мен құрал-жабдықтарын тасымалдауды үйымдастыру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 сәуір 1993 ж. N 315. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Төтенше жағдай аудандарында құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа шүғыл жұмыстарды жүргізуге қажетті құштердің, құрал-жабдықтар мен материалдық-техникалық ресурстардың уақтылы тасымалдануын қамтамасыз ету, зардал шеккен халыққа көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Төтенше жағдайларда сақтандырудың және іс-әрекет жасаудың Республикалық жүйесін көлік құралдарымен қамтамасыз ету және оның құштері мен құрал-жабдықтарын тасымалдауды үйымдастыру тәртібі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Министрліктер мен ведомстволардың Ережеде көрсетілген құштер мен құрал-жабдықтардың уақтылы тасымалдануын қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылын үйлестіру Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті көлік ұшақтарының жүк кемелері мен баржылардың, көп жүк таситын жабық автомобильдердің және трейлердің бар-жоғы, техникалық жай-күйі, тұратын жерлері, жүк көтерімділігі, жүктердің қандай түріне арналғандығы туралы жыл сайынғы мемлекеттік статистикалық есеп берілуін енгізетін болсЫН.

4. Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық атқарушы органдар сол жерлердегі және объектілердегі төтенше жағдайлардан сақтандыруға және олардың зардабын жоюға қажетті көлік құралдарымен қамтамасыз ету, құштер мен құрал-жабдықтарды тасымалдауды үйымдастыру тәртібі туралы тиісті ережелерін бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 16 сәуірдегі
N 315 қаулысымен
бекітілген

**Төтенше жағдайларда сақтандырудың және іс-әрекет жасаудың
респубикалық жүйесін көлік құралдарымен қамтамасыз ету және
оның күштері мен құрал-жабдықтарын тасымалдауды ұйымдастыру
тәртібі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже көлік құралдарымен қамтамасыз етудің, төтенше жағдайларды (аварияларды, апаттарды, ірі өртті, қирап бүліну мен тосын құйзелісті) болдырмауға және олардың зардабын жоюға, сондай-ақ зардап шеккен халыққа көмек, оның ішінде ізгілік көмек көрсетуге қажетті авариялық-құтқару қызметінің құрамаларын, мамандар тобын, техника мен жүктөрді (бұдан былай-күштер мен құрал-жабдықтар) құйзеліс аудандарына алып бару мен алып келуді ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет төтенше жағдайларды болдырмау және олардың зардаптарын жою мақсаты үшін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік бірлестіктердің, концерндердің, қауымдастықтардың және басқа ұйымдық-өндірістік құрылымдардың (бұдан былай- министрліктер мен ведомстволар) көлік құралдарын тартуға құқылы.<*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

3. Төтенше жағдайлардан сақтандыру және олардың зардабын жою, ізгілік көмек көрсету жөніндегі шараларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкімі бойынша : < * >

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Қазақ азаматтық авиация басқармасы, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолы басқармалары, "Қазтеңізөзенфлот" РӨБ, "Қазавтокөлік" концерні, көлік құралдары бар ұйымдар мен кәсіпорындар көлік құралдары бірінші кезектегі тәртіппен бөлінуін және төтенше жағдайларды болдырмауға, олардың зардаптарын жоюға және зардап шеккен халыққа көмек көрсетуге қажетті авариялық-құтқару қызметінің арнаулы құрамалары, мамандар тобы, техника мен жүктөр күйзеліс аудандарына жеткізілуі мен қайта қайтарылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мамандар мен құтқарушыларды қүйзеліс аудандарына жеткізу үшін көліктің барлық түріне

басым тәртіппен билеттер бөледі.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі төтенше жағдайлардың зардабын жоюға, сондай-ақ жол қатынасы қын аудандарда жағдайға барлау жасап, баға беруге қажетті авариялық-құтқару қызметінің арнаулы құрамаларын, мамандар тобын, ірі көлемді техника мен жүктерді құйзеліс аудандарына шұғыл түрде жеткізу үшін әскери авиацияның көлік құралдары мен автокөлік бөлінуін қамтамасыз етеді; көлік құралдары баратын жолдарда көпірлер және уақытша

өткелдер салады.

Ішкі істер министрлігі құштер мен құрал-жабдықтарды таситын автокөліктің, көліктің барлық түріндегі жүктерді күзеттін және алып баратын бөлімшелердің қауіпсіз әрі уақтылы баруын қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік автомобиль инспекциясының бөлімшелерін бөледі.

"Қазмұнайөнімі" концерні төтенше жағдайларды болдырмау және олардың зардабын жою, зардап шеккен халыққа көмек көрсету жөніндегі шараларға бөлінген көлік құралдарын қажетті мөлшерде жанар, жағар май материалдарымен бірінші кезектегі тәртіппен қамтамасыз етеді.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

4. Министрліктер мен ведомстволар құштер мен құрал-жабдықтардың мүмкіндігінше ең қысқа мерзімде жеткізілуін ұйымдастырады. Тасымалдауға қатыстырылатын транспорт құралдарының иелері олардың жук тиелетін жерге уақтылы берілуін, эшелондар мен колонналардың құрастырылуын, экипаждардың жасандырылуын, көлік құралдарының отынмен жабдықталуын және техникалық күтім жасалуын, көлік құралдарының баратын жолдарын дайындалап, жүріп-тұруына бөгет жасалмауын Мемлекеттік автомобиль инспекциясының органдарымен де келісе отырып қамтамасыз етеді, олардың қозғалыс графигі орындалуын бақылайды.

5. Жүктерді тиеу жұмысын жүкті жөнелткен министрліктер мен ведомстволар атқарады. Эшелондарды қалыптастыруға байланысты қажет болған жағдайларда көлік құралдарының бос қарап тұруы және жүктің толық тиелмеуі үшін жөнелтушілерге салынатын айыппұл санкциясы жүктерді жеткізудің алдын ала келісілген мерзімі сақталған жағдайда қолданылмауы мүмкін.

6. Сыртқы істер министрлігі, Көлік министрлігі және Ішкі істер министрлігі құштер мен құрал-жабдықтарды тасымалдайтын көлік құралдары шектес мемлекеттердің аумағында кетіп бара жатқан кезінде олардың жүріп-тұруына бөгет жасамау және қүзету мәселелері сол мемлекеттердің тиісті ведомстволарымен келісілуін қамтамасыз етеді.

7. Авариялық-құтқару қызметінің арнаулы құрамаларын, мамандар тобын, сондай-ақ көлік құралдарын және арнаулы жүктерді қүзету үшін адамдар және

басқа адамдар жіберетін министрліктер мен ведомстволар оларды нысаналы жеріне барып қайту кезеңіне іссапар және көлік шығындарына арналған тиісті үлеспен әрі ақшалай қаражатпен қамтамасыз етеді.

8. Министрліктер мен ведомстволар төтенше жағдайлардың зардабын жою және зардап шеккен халыққа көмек көрсету жөніндегі шараларға қатысқан транспорт құралдары мен экипаждардың қайтарылуын ұйымдастырады.

9. Министрліктер мен ведомстволардың күштер мен құрал-жабдықтардың тасымалдануын қамтамасыз етуге арналған шығындарына Қаржыминистрлігі іс жүзінде табыс етілген құжаттар бойынша, төтенше жағдайлардың зардабын жоюға арналған қаржыландыру көздері есебінен өтем жасайды.

Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің талақ етуі бойынша көлік министрліктері мен ведомстволары шығындардың алдын ала есебін табыс етеді. < * >

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.